




Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫН ДАМУДАҒЫ ЖАҢА ЖОБА

Елімізде денсаулық саласын дамытуда жаңа жобалар қолға алынып, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру нәтижесінде өңірлерде түрлі медицина нысандары салынууда. Жоспардағы жобаларды жүзеге асыру арқылы халықтың денсаулығын жақсарту, сырқаттың алдын алу, науқастарға қолайлы жағдай жасау мақсаты тұр.



Бүгінде медицина саласы көз ілеспес жылдамдықпен дамып келеді. Ем жүргізудегі тиімді әдіс-тәсіл, заманауи аппараттар, біз біле бермейтін шексіз мүмкіндіктер бүгінгі медицинаның қаншалықты озық деңгейде

екенін аңғартады. Әлеуметтік саланы дамыту қашанда өзекті. Әсіресе денсаулық саласына басымдық берілуі керек.

Бұған дейін де бірнеше ұлттық жобаларды жүзеге асырған денсаулық саласында биыл

жаңа жоба жүзеге аспақ. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» деп аталатын ұлттық жоба елді мекендердегі медицина саласын дамытуға серпін бермек.

2 БЕТТЕ



Қала аумағы жылдан-жылға кеңейіп келеді. Мұны түрлі құрылыс нысандарының бой көтеруінен-ақ байқауға болады. Әсіресе сол жағалаудағы құрылыс жұмысы қызу жүруде.

Биыл өңірде «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында барлық қаржыландырудың есебінен 692 300 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Ал соңғы алты айда 318 мың шаршы метр болатын тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, тұрғындар қолданысына берілген.

Жыл сайын баспаналы болатын тұрғындардың қатары көбейгенмен, тұрғын үй құрылысы тоқтаған жоқ. Қазіргі таңда аймақта 27 көпқабатты үйдің құрылысы жүргізілуде. Оның тоғыз аудандарда бой көтерсе, қалған 17 үй қалалықтар игілігіне салынууда.

Шаһардың сол жағалауында қазір 16 тұрғын үйдің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Оның ішінде алты тұрғын үй жеті қабатты болса, қалғаны 5 қабатты үйлер. Бір ерекшелігі, бұл тұрғын үйлердің барлығы заманауи бағытта және жаңа технологиялардың көмегімен салынууда. Құрылысы жүріп жатқан 7 қабатты тұрғын үй – 84 пәтерлі болса, 5 қабатты үйлерде – 470 пәтер қамтылмақ.

2 БЕТТЕ



КӘСІПКЕ

БЕТ БҰРҒАН АУЫЛ

Бұл жолғы бағытымыз – Қызылөзек ауылдық округі. «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасына орай қалаға қарайтын ауылдардың тыныс-тіршілігін, тарихын саралап шығамыз. Мақсатымыз – ауылдың өткен шағы мен жаңарған келбетін көзбен көріп, көңілге тую, бүгінгі ауыл бейнесін сол қалпында оқырманға жеткізу. Ауылда жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламаның барысын бағамдау. Ауылдың шежірелі тарихын елге жеткізіп, бүгінгі тіршілігін баяндау.

1932-1936 жылдары «Айнакөл», «Қызылөзек», «Жанарық» колхозы құрылған. 1950 жылы бұл колхоздар біріктіріліп, «Жанарық» колхозы болып аталған. Колхоз 1956 жылы Сырдария өзенінің арғы бетіндегі «Карл Маркс» (қазіргі Н.Илиясов атындағы ауыл) колхозына қосылып, бұл орынға Ақтөбе облысынан 1944 жылы «Қопа» кеңшары көшіп келген. Кейіннен ет бағытындағы «Тереңөзек ет совхозы» болған. Совет Одағының Батыры Нағи Илиясов кеңшардың құрылуына атсалысып, 1956-1960 жылдар аралығында кеңшар директоры қызметін атқарған. Кеңшар құрамында 3 мүйізді ірі қара, бір қой фермасы болған. Кеңшар 1960 жылы Қызылорда мемлекеттік ауылшаруашылығы тәжірибе станциясына қосылды.

1962 жылдың 25 қаңтарында Қазақстан Министрлер Советінің қаулысы бойынша өз алдына «Қараөзек» қарақол кеңшары болып отау тікті. Қызылөзек ауылдық кеңесінің құрамындағы Кеңшар қарақол қойын өсірумен шұғылданды. Қызылөзек ауылдық кеңесінің

(бұрынғы колхоз атымен аталынған) орталығы «Қараөзек» кеңшары болды. Ауылдық кеңеске Қараөзек ауылы, Қараөзек бекеті, Қызылорда бақша тәжірибе шаруашылығы және №10 теміржол аялдамасы елді-мекені қарады. 1962-1966 жылдары Сырдария, 1966-1997 жылдары Тереңөзек ауданының құрамында болды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ауылдық кеңестің орнына 1993 жылы Қызылөзек ауылдық округі құрылды. 1997 жылдан ауылдық округ Қызылорда қаласының құрамына енді.

1962-1967 жылдар аралығында ауылдық кеңеске төраға болып Жүсіпбек Несіпбаев, Сырмағамбет Отабаев, Алмагүл Бактиярова, Мұсабек Күндәулетов, Көпбол Әбсейітов сайланды.

Ауылдық округ әкімі болып әр жылдары Бақытжан Шамшатов, Жазықбай Әбілов, Роза Боханова, Абзал Шоқпаров, Ернұр Нұржанов, Жасұлан Шынтасов атқарды. 2018 жылдан бері қарай ауылдық округ әкімі қызметін Сәкен Әбдіжаппар атқарып келеді.

4 БЕТТЕ



Өзіміз тіккен киім

жәрмеңкеге шығады

Қызылорда қаласында 5-30 тамыз аралығында «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы аясында оқушылардың мектеп фор-

масына арналған ауқымды жәрмеңке ұйымдастырылады. Ал аудандарда бұл акция 16-21 тамыз аралығында жалғасады.

2 БЕТТЕ

■ СҰХБАТ

Ғабит ТОБАЖАНОВ,
қалалық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы:

«АУЫЛ АМАНАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЕЛ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРЕДІ

Ел экономикасын алға сүйрейтін ауыл шаруашылығы саласының өзекті мәселелері аз емес. Әрдайым қолдауды қажет ететін, қамқорлық болса, жемісі де аз болмайтын саланың бүгінгі жайын сұхбатқа арқау еттік. Қалалық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Ғабит Тобажанов саланы жандандыруға мемлекет қамқорлығы, жер жайын айтты.

3 БЕТТЕ

«Қараөзек» болыстығы

Ауылдағы шежірелі қарттардың айтуынша, Қызылөзек ауылдық округінде әуел баста «Қараөзек» болыстығы №2 ауыл болған. 1925 жылға дейін Ақмешіт уезіне қараған. 1932 жылдан бастап округ орнына аудан құрылған. Сөйтіп, бұл өңір Аламесек, кейін Тереңөзек ауданына қараған. 1926 жылы Қараөзек болыстығында 34 ауылдық кеңес, төрт мыңдай шаруашылық, жиырма бес мыңнан астам халық болған. Олар егін және мал шаруашылығымен айналысты.

Қазіргі таңда жаңа жобаны іске асыру бойынша тиісті жұмыстар атқарылууда. Өткен аптадағы Үкімет отырысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру штабында жобаның жүзеге асу барысын талқылады. Бұл ретте Денсаулық

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы тек медициналық нысандар салып, маман даярлаумен шектелмек емес. Үкімет отырысында жаңа медициналық нысандардың үлгілік жобаларын жергілікті жағдайға бейімдеу жайы да сөз болды. Премьер-министр үлгілік жобаларды жергілікті жағдаймен байланыстыру, құрылыс алаңдарына инже-

2023-2024 жылдары 300 мыңнан аса ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсету деңгейін көтеру, нормативтерге сәйкес ауылдық елді мекендерді медициналық көмекпен қамтамасыз ету және инфаркт, инсульт, жаракат сынды басқа да жағдайлар кезінде ауыл тұрғындарына шұғыл медициналық көмекті уақытылы көрсету мүмкіндігі туады.

аралық аурухана» деңгейіне жеткізу жұмыстары жүргізілетінін айтады. Мұны іске асыруда қазіргі таңда аталған аудандағы көпбейінді аудандық орталық ауруханаларының ғимаратына қосымша құрылыс салу үшін жоба-сметалық құжатты әзірленіп, жобалар мемлекеттік сараптамаға енгізілген. Өз кезегінде көпбейінді

айтылған Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі тиісті сала басшыларымен жиын өткізді. Онда быыл салынуы тиіс дәрігерлік амбулатория құрылысының мердігері порталдағы техникалық ақау салдарынан анықталмағаны белгілі болды. Бұл кемшілікті жоюды облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасына тапсырып, «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамымен бірлесіп, веб-порталдағы қателіктерді жойып, мердігер мекемесі анықтауды жүктеді. Сонымен бірге іргетасы қаланатын 14 нысандағы құрылыс жұмыстарының сапалы жүргізілуі мен мерзімінде орындалуын облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы және бақылау жөніндегі басқармасына міндеттеді.

Жиында Денсаулық сақтау министрлігін 96,1 млн теңге бюджеттік өтінім ұсынылған медициналық пункт салу жобасы бойынша облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысына министрлікпен тиісті жұмыстар жүргізуді тапсырды. Сондай-ақ келер жылға жоспарланған 11 нысан құрылысының жоба-сметалық құжатты әзірлеуді тезірек аяқтауды ескертті. Бұған қоса 4 ауданаралық аурухананы көпбейінді ауданаралық аурухана деңгейіне жеткізу жұмыстары бойынша мемлекеттік сараптамаға енгізілген жобалар қыркүйек айының соңына дейін аяқталуы тиіс екендігін жеткізді. Осылайша «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында бой көтеретін нысандардың барлығын өз мерзімінде уақытылы ел игілігіне беру міндеті қойылды.

Салада қордаланған күрделі мәселелер уақыт ағынымен оң шешімін тауып келеді. Заман талабына сай келетін медициналық ғимараттар бой көтеріп, алдағы бірнеше жылда облыстық денсаулық саласы жаңа деңгейде қызмет көрсете алуы қажет. Бүгінде қаланың сол жағалауынан соңғы үлгідегі облыстық қан орталығының, 100 келушіге арналған емханасы бар 300 төсектік көпбейінді аурухананың құрылысы жүргізілуде.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ермекулының айтуынша, саланы қаржыландыру артып келеді. Биыл сала бюджеті 104,1 млрд теңгені құраған. Соның аясында аймақтың медициналық мекемелерін заманауи техникамен қамтамасыз етуге 3,4 млрд теңге қаражат бөлінген. Былтыр медициналық мекемелерге 20 санитарлық автокөлік беріліп, шалғай елді мекендердегі тұрғындарға қызмет көрсету үшін 5 жылжымалы кешен ұйымдастырылған. Қазір аймақта 18 стационарлық және 26 амбулаториялық медицина ұйымы және екі жарым мыңнан аса дәрігер, он мыңға жуық орта буын маман тұрғындардың денсаулығы мен өмірін сақтау жолында еңбек етуде.

А.ӘЛІМ

АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫН ДАМУДАҒЫ ЖАҢА ЖОБА

сақтау министрі Ажар Гиният алдағы екі жылда ауылдарда 655 алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету нысандары салынатынын жеткізді. Оның ішінде физиотерапия кабинеті мен дәріхана, фельдшерлік-акушерлік бекеттер және дәрігерлік амбулаторияларды қамтитын заманауи медициналық бекеттер бой көтермек. Сонымен қатар министр әр бекеттің қажетті құрал-жабдықтармен жабдығалатынын атап өтті. Оның айтуынша, физиотерапия кабинеттері электротерапия, магнитотерапия, ультратыбыстық терапия, фототерапия, ультракүлгін терапиясы, ингаляторлар және басқа да керекті аппараттармен қамтылады. Ал емдік дене шынықтыру залында ұсақ моториканы қалпына келтіру мен дамытуға арналған түрлі тренажерлер, эрготерапияға арналған арналған жабдықтар қарастырылған. Сонымен қатар барлық жаңа нысандар телемедицинаны ұйымдастыру үшін компьютерлік және медициналық жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Қазіргі таңда бұл бағытта тиісті жұмыстар атқарылууда.

Ұлттық жоба аясында медициналық нысандар салудан бөлек, инсульт және кардиологиялық орталықтар мен оналту, травматология және ортопедия, хирургия, реанимация, қарқынды терапия бөлімшелері ашылып, отыздан астам көпбейінді аудандық аурухананы жаңғырту және күрделі жөндеу, сондай-ақ заманауи медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Саладағы өзекті мәселенің бірі – маман тапшылығы. Бұл әсіресе ауылдық жерлерде анық байқалады. Мәселені шешу мақсатында мамандар даярлау ісі қолға алынған. Ұлттық жобамен 1100 медицина қызметкері қамтылады. Оның ішінде дәрігер, медбике, фельдшер мен акушер маманы бар.

Басы 1-бетте



нерлік коммуникациялар мен жол салу жұмыстарын жеделдетуді талап етеді. Ал аталған жұмыстарды жүйелі жүргізу, жүзеге асыру Денсаулық сақтау министрлігінің бақылауында болмақ.

Аймақтағы ахуалға тоқталсақ, салада серпіліс бар. Дегенмен биыл «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен ауылдық жерлерде көптен басына айналған мәселелердің күрмеуі шешілмек. Жобаны жүзеге асыру тапсырмасына сәйкес бүгінде облыста тиісті шаралар қолға алынған.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, ұлттық жоба аясында

Ол үшін ауылдарда 24 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет, 1 медициналық бекет бой көтереді. Биыл жүзеге асуы тиіс 16 медициналық нысанның бүгінде 14-інің іргетасы қалануда. Ал келер жылы жоба аясында жүзеге асатын жалпы 27 денсаулық сақтау нысанының 11-інің құрылысы басталуы тиіс. Қазіргі таңда аталған нысандардың жоба-сметалық құжаттары әзірленуде.

Ұлттық жобаның аймақтың денсаулық сақтау саласын ілгерілетуде септігі зор болмақ. Сала басшысы 2025 жылға қарай Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған ауданаралық ауруханаларын «Көпбейінді аудан-

ауданаралық ауруханаларда инсульт және кардиологиялық орталықтар, медициналық оналту, травматология, хирургия, реанимация және қарқынды терапия бөлімдері, триаж жүйесі бар жедел жәрдем бөлмесі ашылып, заманауи медициналық құрал-жабдықтармен (КТ МРТ, ангиограф, сараптамалық дәрежедегі ультратыбыстық, эндоскопиялық реанимациялық жабдықтар, медициналық оналту және т.б.) жабдығалатын болады деп күтілуде.

Ұлттық жобаның облыста орындалу барысын аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев тікелей бақылауға алған. Жоғарыда

7 қабатты 504 пәтер ел игілігіне берілмек

Тұрғын үйлердің құрылысы келер жылы аяқталуы тиіс. Бұйырса, жаңа жыл қарсаңында өз баспанасының кілтін алатын тұрғындар саны тағы еселене түседі деген сөз. Бұдан бөлек, республикалық бюджеттен мың пәтер әлеуметтік осал топтағы азаматтарға сатып алу қорығынсыз берілетін болады. Бұл да өз кезегінде аталған санаттағы

тенге қаражат бөлінген. Қазіргі таңда 7 қабатты бірінші үйге «Аман құрылыс» ЖШС мердігер мекемесі құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Ақпан айында іргетасы қаланған нысанның жалпы ауданы 3,4 гектарды құрайды.

Бұдан бөлек 5 үйдің құрылысын «Орион ЛТД» ЖШС, «Риголит» ЖШС, «Промстрой-

Оның ішінде ауызсу және кәріз желісіне 104,5 млн теңге, электр желісіне – 377,6 млн теңге, жылу жүйесіне – 518,8 млн теңге, газ жүйесіне – 55,7 млн теңге және телефон мен абағандыруға – 338,7 млн теңге қаржы бюджеттік өтінім ұсынылған.

Тұрғын үй 7 қабатты болғандықтан әрі аймақ сейсмикалық аумаққа енгендіктен жоба құ-

тұрғындарының игілігіне беріледі. Қазіргі таңда аталған денсаулық білім ғимараттарының іргесі қаланды.

Сол жағалаудың көркін ашып, ажары өзіне тартар асем ғимараттар салу мұнымен тоқтамақ емес. Шағын ауданға қоныс аударушылар саны күннен-күнге артып келеді. Сондықтан мұнда тұрғын үйге деген сұраныс



азаматтарды баспанамен қамтамасыз етудегі бірден-бір қолдау болмақ.

Қалада салынып жатқан тұрғын үй құрылысындағы басты ерекшелік – 7 қабатты тұрғын үйдің бой көтеруі болып отыр. Бұл аймақ бойынша алғаш рет жүзеге асырылып отырған жоба. Сондықтан жаңа жоба құрылысы мамандар тарапынан егжей-тегжей тексеріліп, 7 рет өлшеуі кесілген шешім. Сәулетіне күн санап сән кіре бастаған облыс орталығының ажарын айшықтай түсетін жобаға республика бюджетінен 1 млрд 604 млн

сервис Е» ЖШС, «Абу-Сер» ЖШС мердігер мекемесі жүргізеді. Жоспар бойынша 7 қабатты зәулім үйлер келер жылдың желтоқсан айында пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Бүгінде инженерлік желілерінің жобалық-сметалық құжаттамасына сараптаманың оң қорытындысы берілген 7 қабатты тұрғын үйде үлкен қаладағыдай ыстық, салқын суы орталықтандырылған, тұрғындардың аулада еркін жүріп-тұруына, жайлы өмір сүруіне барынша жағдай жасалады деп жоспарланған. Ол үшін инженерлік желілерін жүргізуге 1395,3 млн теңге қаражат керек.

рылысының қауіпсіздігі де ескерілген. Құрылыс аяқталған соң тұрғын үй ипотека арқылы берілетін болады.

Жалпы сол жағалау аумағы ерекше үлгіде дами түспек. Өу баста, шығыс стилінде салынуы тиіс жаңа шағын аудан зәулім-зәулім ғимараттарымен көз тартатын болады. Мұнда пайдалануға берілген 74 тұрғын үй мен жеке мектеп, балабақша, жастар орталығы, «Болашақ» университеті сынды әлеуметтік нысандар бой көтерген.

Ал алдағы уақытта облыстық қан орталығы, көпбейінді аурухана, физика-математика мектебі де сол жағалау

артпаса, кемімейді. Себебі тиісті сала мамандары бұл маңнан алдағы уақытта 9 қабатты тұрғын үйдің де құрылысы жүретінін айтуда. Одан бөлек халық сұранысына сай түрлі нысандар салынады деп жоспарлануда.

Бұған дейін облыс орталығын 5 қабатты тұрғын үйлер қамтыған еді. Осы орайда көпшілік 5 қабаттан жоғары зәулім үйлердің салынбайтынын жиі айтатын. Сегізін салса, көп ұзамай 7 қабатты тұрғын үйдің де кілт тұрғындарға табыстатылып, баспана тойын тойлар күн келеді. Бұл да халық сұранысына құлақ асқан биліктің ел игілігі жолындағы қызметі.

А.СЕЙІЛ



Өзіміз тіккен киім жәрменкеге шығады

Бұл жәрменкеге жергілікті «Ас-Ка» ЖШС, «Ақжүрек мүгедектер қоғамы» ҚБ, «Айша-бибі» тігін цехы және тағы да басқа кәсіпкерлер өз өнімдерін облыс тұрғындарына ұсынбақ ниетте. Жәрменкеде мектеп формалары нарық бағасынан төмен әрі жоғары сапада сатылымға шығады. Сондай-ақ әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына да арнайы жеңілдіктер қарастырылған. Бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен баспасөз турында БАҚ өкілдері қаладағы бірқатар тігін цехының жұмысымен танысты.

Оқушылардың мектеп формасына арналған жәрменкені ұйымдастырудағы басты мақсат – ата-аналардың алысқа бармай-ақ балаға қажетті мектеп құралдарын бір жерден алуын қамтамасыз ету және қажетті заттарды төмен бағада тұрғындарға ұсыну. Қалада ұйымдастырылатын жәрменке Қорқыт ата көшесі, 55 «Small» сауда орталығының алаңында өтеді. Жәрменке сөрелеріне қойылатын барлық тауарлар төменгі бағада және жоғары сапада сатылымға шығады. Осы орайда барша облыс

тұрғындарын жәрменкеге белсене қатысуға шақырамыз, – деді облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Азамат Қаюпов.

Баспасөз туры барысында мектеп формаларын тігумен айналысатын тігін цехтары өз өнімдерін таныстырды. Соның бірі – «Ас-Ка» ЖШС цехы үш жылдан бері мектеп формаларын тігуді қолға алған. Бұл цех өз 7-8 мың өнімді жәрменкеге ұсынуды жоспарлап отыр.

– Біздің цех 2007 жылдан бері тігін тігумен айналысып келеді. Бірақ 2014 жылдан бастап өндіріс саласына бет бұрып, арнайы киімдерді тігуге тапсырыс қабылдадық. Қазіргі таңда цехта арнайы киімдерден бөлек, мектеп формаларына да тұрғындар тарапынан сұраныс жоғары. Осыған орай қаланы ғана емес, барлық ауданды өзіміз аралап, қолжетімді бағадағы өнімдерімізді жұртшылыққа ұсынуымыз жөн көрдік. Биыл да ұйымдастырылатын жәрменкеге 7-8 мыңнан астам өнімді сатылымға шығаруды жоспарлап отырмыз, – деді «Ас-Ка» ЖШС директоры Дина Махатова.

Басы 1-бетте

«Ақмешіт-ақпарат»



– **Ғабит Рүстемұлы, сұхбатымызды ауыл шаруашылығы саласынан бастаған жөн болар. Биылғы егін жайы қалай? Саланы жандандыруда қандай жаңалықтар бар?**

– Биылғы жылы 9280 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды.

Оның ішінде негізгі дақыл күріш 4076 гектар, жаздық бидай 119 гектар, картоп 500 гектар, көкөніс 1 330 гектар, бақша 990 гектар, мал азықтық дақыл 2265 гектарды құрады.

Күріш дақылын егу жұмыстары сәуірдің 23-нен басталып, бүгінгі күнге 4076 гектары, егілді. (күріш дақылын егу жұмыстары 03.06.2023 ж. аяқталды). Биыл егілген 4076 гектар күріш егістігінің шығымдылығын сала мамандарының зерделеу барысында 3057 гектары (75,0%) «жақсы», 815 гектары (20,0%) «орташа», 204 гектары (5,0%) «қанағаттанарлық» деп бағаланып отыр.

Күріш дақылын күтіп-баптау жұмыстары бойынша 1800 гектар үстеп қоректендірілсе, 2150 гектар гербещидпен өңделді.

Қазіргі таңда бидай жинау жұмыстары басталып, егілген 119 гектардың 60 гектары ораққа түсіп 48,0 тонна өнім жиналып, орта өнім 8,0 центнерді құрады.

Сонымен қатар ораққа түсетін 1849 гектар мал азықтық ескі жоңышқа шөбінің бірінші орымынан 3698 тонна жоңышқа шөп дайындалды. Қазіргі уақытта екінші орым жүргізілуде.

– **Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – суды үнемдеу екені белгілі. Бұл мақсатта қандай жұмыстар жүрде? Су жүйелерін газарту секілді тапсырмалар бойынша қандай жұмыс атқарылды. Суды үнемдеудің тағы бір жолы – су аз қажет ететін дақылдар егу. Бұл мәселелер қалай шешілуде?**

– Сырдария өзенінде су деңгейін төмен болып, су тапшылығы сезілуде. Биылғы жылы қашықтар, каналдарды тазалау, гидротехникалық құрылыстарды жөндеу жұмыстары бойынша ішкі су жолдарының 54300 текше метр топырақ шығарылып, 4 дана гидробекеттер, 2 дана су құрылыстары жөндеді.

Сонымен қатар суды аз қажет ететін 119 гектарға жаздық бидай, 75 гектарға қант құмайы, 341 гектарға жаңа жоңышқа дақылдары орналастырылса, 1849 гектар ескі жоңышқа күтімге алынды.

Су үнемдеу технологиясы бойынша биыл тамшылатып суару технологиясымен Белкөл кентінен жеке кәсіпкер «Іскер-М» 2 гектарға қауын, Қарауылтөбе ауылдық округінен «Ы.Жақаев атындағы Қазақ Күріш ҒЗИ» ЖШС-і 3 гектарға қызанақ егілді.

Сонымен қатар, Ақсуат ауылдық округінен «Алдан» шаруа қожалығынан 50 гектар ескі жоңышқа жаңбырлатып суару технологиясымен суарылуда.

– **Ауылдардың әлеуетін көтеру мақсатындағы биыл жүзеге асып жатқан жобаның бірі – «Ауыл аманаты» бағдарламасы. Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша нендей жұмыс жүргізілуде?**

– Қызылорда қаласына қарасты ауылдық округтер бойынша жалпы **Басы I-бетте**



Ғабит ТОБАЖАНОВ, қалалық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы:

«АУЫЛ АМАНАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЕЛ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРЕДІ



гектар автоматтандырылған кешенді жылыжай жұмыс істеуде. Автоматтандырылған жылыжай кешені 2020 жылы іске қосылып, 2022 жылы 160 тонна қияр өндірді. Биылғы жылы табиғи газ жүйелерін орнату жұмыстары жүргізілуде.

Қаламызда есік алдында шағын жылыжай кешені дамып келеді. Қазіргі таңда жалпы 0,13 гектарды құрайтын 2 (ЖК Шапағат 0,06, ЖК «Green house» 0,07) жылыжай кешені жұмыс жасауда. Атап айтқанда Ақсуат ауылдық округіне Жанадария өңірінен ЖК «Шапағат» жылыжайы, Қызылжарма ауылдық округінен «Green house» жылыжайы, күнделікті 0,1 тоннаға жуық көкөніс өнімдері өндірілуде (қияр).

Сонымен қатар биыл «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында Талсуат ауылдық округінен бір дана жылыжай кешенін салу жоспарлануда.

– **Қала тұрғындарына бақша егу үшін жыл сайын бақшалық жер берілетіні белгілі. Бұл жұмыс биыл қалай жүргізілді. Кейде бұл жерлерге аяқсу жетпей жатады деген мәселені естіп жатамыз. Ауызге жетпеген жерге бақша егілмейтіні белгілі...**

– Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қала тұрғындары өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар картоп, көкөніс, бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында қосымша жерлер дайындап беру тапсырмасына сәйкес Қарауылтөбе ауылдық округінен 10 гектар жер маусымдық кезеге беру туралы жоспарланып, қызығушылық танытқан 90 қала тұрғындарына жер беріліп, көкөніс, картоп, бақша дақылдары егілді.

Вегетациялық кезеңде су тапшылығының алдын алу мақсатында қолда бар 24 дана СНП-500 су қондырғылары пайдалануға дайын.

Сонымен қатар биыл қосымша 3 дана СНП-500 су қондырғысына табиғи ресурстар басқармасына өтінім беріліп, бүгінгі күнге 1 данасы алынып, берілді.

– 2005-2022 жылдар аралығында қала әкімінің жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер кезектілігінде барлығы 68320 азамат тіркелген, оның ішінде 2005 жылғы кезектілік бойынша қалғаны – 2315 азамат, 2006 жылы – 11509 азамат тіркелген. Бәйтерек тұрғын ауданынан жеке тұрғын үй құрылысы үшін 5112 азаматқа жер учаскелері табысталған.

Жер учаскелерін табыстап, кезектілікті азайту мақсатында қалға алу мерзімі аяқталған жер учаскелерін мемлекет қорына қайтару, Бәйтерек тұрғын ауданында жоспарланған көлемі 150 га және 670 га егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары бойынша жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару жұмыстарын жүргізу, Өл-Фараби тұрғын ауданынан бос жер телімдерін дайындау бағытында тиісті жұмыстар атқарылуға, аталған аумақтарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету қажет етіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №255 бұйрығымен бекітілген «Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне құқықтар беру туралы» Қағидаға Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылдың 19 қаңтардағы №15 бұйрығы негізінде өзгерістер енгізіліп, күшіне енген болатын.

Аталған қағида Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне құқық беру тәртібін айқындайды.

Енгізілген өзгерістерге сәйкес жеке тұрғын үй құрылысы үшін берілетін жер учаскесін табыстау жұмыстарымен айналысу 2021 жылдың наурыз айынан бастап сәулет және қала құрылысы бөлімінің құзыреттілігіне берілді.

– **Саланы цифрландыру бағытында жұмыс нәтижесі қандай?**

– Агроөнеркәсіп субъектілерін субсидиялау бойынша мемлекет тарапынан берілетін субсидияларға өтінім қабылдау 2018 жылдан бастап электронды веб-портал арқылы жүргізілуде.

Қызылорда қаласы бойынша жалпы құны 1 млрд 900 млн теңгені құрайтын қаржыны жөбіне асырылуда. «ARAY FOOD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құны 1 млрд 200 млн теңгені құрайтын қуаттылығы 4000 тонналық көкөніс сақтау қоймасының жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, құрылыс жұмыстары басталды.

«Асыл Дән LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарапынан құны 900 млн теңгені құрайтын қуаттылығы 5000 тонна күріш ақтау зауытының құрылыс жұмыстары мен құрал-жабдықтарының құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. 2023 жылдың қыркүйек-қазан айларында іске қосу жоспарлануда.

құны 3 212,3 млн теңгені құрайтын 417 жоба ұсынылған.

Дегенмен облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының бөлінісіне сәйкес Қызылорда қаласына 233 млн 256 мың теңге қаржы бөлінген. Осы ретте қаржының жетіспеушілігіне байланысты ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту, ауыл шаруашылығы тауарларын өңдеу және қайта өңдеу бағыттары бойынша жобаларға басымдылық берілетіндігі көрсетілген.

Осының негізінде ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту бағыты бойынша 5 кооперативке барлығы 138 млн теңге беру жоспарланып отыр (Ақсуат, Қызылжарма, Тасбоғет). Қалған 95 млн 256 мың теңге ауыл шаруашылығы тауарларын өңдеу және қайта өңдеу бағыттары бойынша үйлестіріледі (Ақжарма, Қызылөзек, Қосшыңырау, Қарауылтөбе, Талсуат, Белкөл).

– **Қалаға қарасты ауылдарда, облыс орталығында жылыжай ісін дамытуда сәл де болса ілгерілеушілік бары байқалады. Жылыжай өнімімен қаланы қамтамасыз етуге мүмкіндік бар ма?**

– Қызылорда қаласына қарасты Ақсуат ауылдық округіне қарасты «ҚазАгроМир» ЖШС-нің құны 1,1 млрд теңгені құрайтын Ақсуат ауылдық округінде көлемі 2,2



– **«Дипломнен ауылға» бағдарламасының орындалуы қалай жүрде? Нендей мәселе бар? Ауылға баруға ынталы мамандар қаншалықты?**

– 2023 жылға «Дипломнен ауылға» бағдарламасы бойынша көтерме жәрдемақыға 37 млн 950 мың теңге (110 маман), бюджеттік кредитке 414 млн теңге (80 маман) бөлінді. Бүгінгі күнге 71 маманға 24 млн 495 мың теңге көтерме жәрдемақы берілді. Облыстық экономика және қаржы басқармасының қаржылық жоспарына сәйкес әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қыркүйек айына жоспарланған. Бүгінгі күнге көтерме жәрдемақыға 5, бюджеттік кредитке 72 маман кезектілікте тұр.

– **Ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тарту жұмыстарында қандай нәтиже бар?**

– Ауыл шаруашылығының негізгі қорына салынған инвестиция көлемі қантар-маусым айларында 60,6 млн теңге салынып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 129,4 пайызды құрады.

Қызылорда қаласы бойынша жалпы құны 1 млрд 900 млн теңгені құрайтын қаржыны жөбіне асырылуда. «ARAY FOOD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құны 1 млрд 200 млн теңгені құрайтын қуаттылығы 4000 тонналық көкөніс сақтау қоймасының жобалық-сметалық құжаты әзірленіп, құрылыс жұмыстары басталды.

«Асыл Дән LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарапынан құны 900 млн теңгені құрайтын қуаттылығы 5000 тонна күріш ақтау зауытының құрылыс жұмыстары мен құрал-жабдықтарының құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. 2023 жылдың қыркүйек-қазан айларында іске қосу жоспарлануда.

– **Тұрғындарға үй салу үшін жер беру жағдайы әлі де өзекті мәселе. Бүгінде 2005 жылы арыз бергендердің отініші де толық қанағаттандырылған жоқ. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыс жайын айтып өтсеңіз.**

Яғни, ауыл шаруашылығы субъектілері «Gosagro.kz» және «Plem.kz» веб-порталы арқылы егін және мал шаруашылығы саласы бойынша барлық субсидияларға электронды форматта өтінім тапсырады. Өтінім тікелей ауыл шаруашылығы басқармасы арқылы қабылданып, субсидияланады.

Жер саласы бойынша айтатын болсақ, Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойған еді.

Аталған заң жер учаскелерін жедел және ашық беру мақсатында әзірленген. Атап айтқанда, аталған қалаларда жер комиссиясының институты алынып тасталады, сондай-ақ бірқатар құжаттар қысқартылады (жер комиссиясының хаттамалық шешімі, жерге орналастыру жобасы).

Кенттің, ауылдың және ауылдық округтің жері үшін және жердің қалған санаттары бойынша жер заңнамасында регламенттелген жер берудің қолданыстағы тәртібі сақталады.

Жер учаскелерін электронды беру рәсімі Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі әзірлеген жылжымайтын мүлктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының аппараттық жүйесінің «Жария кадастрлық картасында» жер учаскесін таңдау арқылы «электрондық үкімет» веб-порталында жүзеге асырылатын болады.

Занда республикалық маңызы бар қалалар, Астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде электрондық форматта жер учаскелерін беру рәсімін оңайлату көзделген, бұл жер учаскелеріне құқықтарды берудің қолданыстағы мерзімдерін 30 жұмыс күніне дейін өзгертуге мүмкіндік береді.

– **Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА
Суреттер ашық дереккөзден алынды



КӘСІПКЕ БЕТ БҰРҒАН АУЫЛ

Қаракөл қой совхозы болды

«Қараөзек» кеңшары 1962 жылы «Қараөзек» қаракөл қой совхозы болып құрылған. Мал шаруашылығымен, оның ішінде қаракөл тұқымды қой малын өсірумен айналысқан. Кеңшарда 45 мың бас қой, 1400 бас жылқы, 800 бас түйе болды. Жыл сайын мемлекетке 3000-3800 центнер ет, 800-1000 центнер жүн, 19-21 мың дана қаракөл елтірісі тапсырылып отырды.

Қараөзек ауылынан мал шаруашылығын дамытуда жеткен жетістіктері үшін «Социалистік Еңбек Ері» атағын, «Еңбек Қызыл Ту», «Күрмет белгісі», «Ленин» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталғандар болды.

Кеңшарда 1956 жылдары орталық көше, тұрғын үйлер салынды. 1953 жылы Қызылөзек қолхозынан 10 жылдық мектеп көшіп келіп, 1959 жылы орта мектеп ғимараты салынды. 1956 жылы балабақша, кеңшардың кеңсе ғимараты, сауда дүкендері бой көтерді. 1959 жылы ауылдық клуб үйі пайдалануға берілді. Одан кейін де жыл сайын оншақты тұрғын үй мен қыстау салынып отырды. 1962-1963 жылдары электр желілері жүргізілді. 1963 жылы округке кіре беріс жол мен орталық көше асфальтталды. 1972 жылы гараж ғимараты, 1978-1979 жылдары орталық монша, мал бордақылау алаңы мен 2 қабатты сауда орталығының құрылысы жүрді. 1986-1987 жылдары жаңа үлгідегі тұрғын үймен жанадан бір көше салынды. 1985 жылы Ұлы Жеңістің 40 жылдығына орай Ұлы Отан Соғысында қаза болған жауынгерлерге арналған ескерткіш салынды. 1976-1977 жылдары ауыл орталығындағы «Орталық» каналы қазылып, автомобиль көпірі салынды. 1973 жылы «Байзақ» каналы қазылып, кеңшарға Қараөзек дариясынан су жеткізілсе, 1985 жылы «Кілем жайған» каналы қазылып, «Шегіртке» шабындығына су жеткізілді. 1977-1978 жылдары «Көксу» коллекторы қазылып, автомобиль көпірлері салынды. 1985 жылы ауыз су құбыры жанадан жүргізіліп, бас су тоған ғимараты салынды (2013-2014 ж.ж. «Ақбулақ» бағдарламасымен қайта жаңғыртудан өтті.

«Оңтүстікмұнайгаз» АҚ қарамағына берілді

1992 жылы Қызылорда облысы әкімдігінің 09.06.1992 жылғы №113 шешімімен Қараөзек кеңшары «Оңтүстікмұнайгаз» АҚ қарамағына берілді. 1996 жылы ет-шұжық цехы іске қосылды. 1996 жылы 50 орындық «Қараөзек» мешіті типтік жобадан асар әдісімен салынды. Мешіт ғимараты 2009 жылы қалалық мәслихат депутаты Қайрат Ернарзатовтың демешілігімен күрделі жөндеуден өткізілді. 1996 жылы №39 «Қызылөзек» орта мектебіне жаңа 370 орындық мектеп пайдалануға берілді. 1997 жылдың 24 сәуірінде Қараөзек шаруашылық серіктестігі «Харикейн Құмқол мұнай» компаниясының меншігінде болды. 2000 жылы «Қараөзек агрегатчралер продукте» компаниясына өтіп, 2001 жылы «Компания-Қараөзек» ЖШС меншігіне беріліп, серіктестік нарық басқесіне төтеп бере алмай таралды. Тұрғындар серіктестіктен қалған малды сатып алып, шаруа қожалығын ашып, жеке кәсіп жасап, мал және егін шаруашылығымен айналысты.

Қараөзек бекеті 1905 жылы темір жол бекеті болып құрылған. Бекетте сол уақыттарда салынып, қазіргі уақытта тарихи-мәдени ескерткіштерге жататын «Бұрынғы теміржол вокзалы» ғимараты, «Су қыспақты мұнара», «Сауранбай теміржол көпірі», «Қараөзек теміржол көпірі» бар. Қараөзек бекеті тұрғындарының басым көпшілігі теміржолшы болған.

Айнақөл елді мекені

Айнақөл елді-мекені 1966 жылы Қызылорда бақша-тәжірибе шаруашылығы болып құрылған. Шаруашылық ғылыми зерттеу институтының тұқым шаруашылығымен, оның ішінде «қара күләбі» және «калайсан» қауын тұқымын дайындаумен айналысқан. Сонымен қатар институт ғалымдары көкөніс-бақша дақылдары тәжірибе жасаған.

Шаруашылық құрылғаннан кейін 4 жылдық бастауыш мектеп ашылған. 1981 жылы «Ақжын» ұшакесінен №175 негізгі мектебі көшіп келіп, 1970 жылы салынған бұрынғы кеңсе ғимаратына орналасқан. 1980 жылы типтік жобадан гараж,

Басы 1-бетте

қауын тұқымын өңдейтін, сақтайтын қойма салынса, 1988 жылы қауын өңдейтін цех құрылысы жүргізілген. 1993 жылға дейін қауын вареньесі, джемі шығарылған. 1996 жылы «Айнақөл» шаруа қожалығы құрылып, көкөніс-бақша дақылдарын өсірумен айналысқан. 2004 жылы шаруа қожалығы банкрот деп танылып, таралды. Қазіргі уақытта Айнақөл ауылында 2 ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі мен 6 шаруа қожалығы мал және егін шаруашылығымен айналысуда.

Жаңарған ауыл дидары

Тарихи бай елді мекен адам танымастай өзгеріп, кемеліне келген. Қызылөзек ауылдық



округіне қарасты Қараөзек, Айнақөл және Қараөзек бекеті елді мекендерінде халық саны 3545-ті құрайды. Ауылдық округтегі тіршіліктің негізгі бағыты – жеке кәсіпкерлік, егін және мал шаруашылығы өнімін өндіру.

Ауылдық округте барлығы 21 көше бар. Оның 8 көшесіне асфальт, 9 көшесіне малта тас төселген. Биыл «Ауыл ел бесігі» бағдарламасының игілігімен жол жөндеу жұмыстарына қажетті қаражат бөлініп, 6 көшеге орташа жөндеу жұмысы жүргізілуде. Мәселен, Абылайхан және Айнақөл-2 көшелеріне асфальт, Жаңарған, Арғын, Қорқыт ата және Қараөзек бекеті-3 көшелеріне малта тас төселген.

Абылайхан, Ш.Ибраева көшелеріне жаяу жүргінші жолын салуға, М.Жабағұлы және Арғын көшелеріне түнгі жарық бағанасын орнатуға 146 млн 153 мың теңге қаражат бөлініп, мердігер мекемемен келісімшарт жасалуда. Құрылыс-монтаж жұмысы шілде-тамыз айларына жоспарланып отыр.

Сонымен қатар 2 көшені орташа және күрделі жөндеу жұмысына ЖСК әзірлеуге қалалық бюджеттен 3 млн 617 мың теңге қаражат қаралған.

«Ремпроект» ЖШС демешілігімен 4 көшеге асфальт төсеу жұмысына жоба сметалық құжат әзірленіп, облыстық бюджеттен 534 млн 191 мың теңгеге өтінім берілген.

Самаладай жарық көшелер елді мекенге жана шап берді. Ауылдағы 21 көшенің 17-не заманауи жарық бағаналары орнатылған. Осы мақсатқа бюджеттен 3 млн 205 мың теңге қаралған. Жарық бағаналарын күтіп ұстауға 17 млн 808 мың теңге қаражат қаралған.

Қай ауылда болсын, электр желілері мәселе болып отырғаны рас. Биылғы жылы осы мақсатқа қалалық бюджеттен 6 млн 067 мың теңге қаражат қаралып, жоба-сметалық құжаты әзірленуде.

Ауылдық округте қарасты 3 елді мекенде 3 шағын спорт және балалар ойын алаңы болса, биыл Қараөзек ауылындағы Е.Дәуітбаев көшесінен тағы бір балалар ойын алаңы салынғаны көңілге қуаныш сыйлады. Себебі балақайларға базарлық жасау, олардың спортпен айналысуына көңіл бөлу кезек күттірмейтін мәселе.

«Қожақ» автомобиль көпірін күрделі жөндеу ұсынысы қолдау тауып, 5 млн 212 мың теңге қаражат бөлініп, қазіргі уақытта жобалау жұмысы жүргізілуде.


Болашақ бағдары

Алдағы уақытта Абылайхан, Ш.Ибраева көшелеріне жаяу жүргіншілер жолын салу және М.Жабағұлы және Арғын көшелеріне түнгі жарық бағаналарын орнату жұмысы жасалуда. Д.Сариев, М.Жабағұлы көшесін орташа және

күрделі жөндеу жұмысына жоба-сметалық құжат әзірленуде. ЖСК әзірленген А.Құнанбаев, Айнақөл-1, Қараөзек бекеті-4 және М.Жабағұлы тұйығына асфальт төсеу жұмысы жасалмақ. Сонымен қатар Е.Дәуітбаев көшесінен спорт алаңын салу жоспарлануда.

Су – тіршілік өзегі

Қызылөзек ауылдық округіне қарасты 3 елді мекенді ауызсумен «Нұра топық су құбыры» РМК «Арал» СЖҚБД филиалы қамтамасыз етеді. Қараөзек және Айнақөл елді мекенінде 2013-2014 жылдары «Ақбулақ» бағдарламасы аясында ауыз су жүйесіне қайта жаңғырту жұмысы жүргізілген болса, Қараөзек стансасында



2020 жылы «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы аясында жанадан ауыз су желісі мен ауыз су қоймасы салынып, ауылдық округте ауызсумен қамту мәселесі толық шешілген. Тіршілік нәрі ауызсумен қызылөзектіктер таршылық көрмейді деген сөз.

Соңғы жылдары ауылдық округте аяқсу тапшылығы орын алған еді. Егінмен, бау-бақшамен айналысып отырған ауыл үшін бұл кезек күттірмейтін мәселе болатын. Тұрғындардың талап-тілегіне орай 2022 жылы 2 дана СНП-500/10 дизельдік насосық қондырғысы бөлініп, 4 дана техникалық су тарту ұңғымасы қазылды. 2023 жылы қосымша тағы 2 дана СНП-500/10 насосық қондырғысы (1-дизель, 1-электр) бөлініп отыр. Аталған насос арқылы егістіктер мен 3 елді мекенге аяқсу берілуде.

Ауылдық округте қарасты елді мекендер табиғи газбен қамтылмаған. Елді мекендерді ілесе газбен қамту мақсатында жоба сметалық құжатын әзірлеп, сараптама қорытындысын алуға қажетті 25,854 млн теңге қаржы бөлу жөнінде облыстық экономика және қаржы басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылған. Қажетті қаржы бөлінсе, қала іргесіндегі ауылдық округ табиғи газ игілігін көретін болады.

Өткен жылдың желтоқсан айынан бастап, тұрғындардың өтінішіне орай, бұрын күніне бір рет қатынап келген шағын автобусының орнына «Қызылорда» автобус паркi мекемесінен «Қызылорда – Қараөзек» бағытына қатынайтын жаңа №29 қоғамдық көлік бағыты ашылып, үлкен сыйымдылықтағы жаңа автобус күніне 3 мезгіл тұрақты қатынап келеді.

Кәсіп түбі – береке

Ауылдық округ бойынша барлығы 163 кәсіпкерлік нысан жұмыс істейді.

Бұған қоса жыл басынан жанадан 8 кәсіпкерлік нысан тіркелді. Кәсіпкерлік қанат жайған қазіргі кезеңде жұмыс көзі кәсіпкерлік екені белгілі. Бұл ауыл тұрғындары да мемлекеттік бағдарлама игілігін көреді.

«Бизнес-Бастау» оқу курсы аясында Қызылөзек ауылдық округінен алты азамат оқу курсынан өтіп, оның төртеуі 5 млн 500 мың теңге мемлекеттік грантка ие болған.

Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» микро қаржылық ұйымы арқылы «скер» бағдарламасы бойынша 38 млн теңгені құрайтын 7 жоба, «Ауыл шаруашылығы қаржылай қолдау қорының» «Еңбек» бағдарламасы бойынша 15,0 млн теңгені құрайтын бір жоба қаржыландырылып, есепті мерзімде барлығы 8 азаматқа 53,0 млн теңге неси берілді.

Ауылдық округтің жер көлемі 77 796 гектарды құрайды. Оның ішінде 49 484,2 гектары жайылымдық жерлер болып саналады. Бүгінгі таңға 13 097,5 гектарды құрайтын 63 жер учаскесі ауыл шаруашылығы мақсатында пайдалануға берілген. Үстіміздегі жылы 507 га жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Мал саны 10251 басты құрап отыр. Тіршілігін түлікпен бағалайтын тұрғындар мал басын көбейтіп, өз жағдайын жасауда. Кезінде төрт түлікпен күнкөріс көзін жасаған тұрғындар үшін бұл өте қолайлы шаруа. Ауылда әлеуметтік әлеуетті төмен отбасылар жоқ. Тиісінше, экономикалық белсенді халық саны 1811-ді құрайды. Оның жұмыс істеп тұрғаны – 1192. Ал өзін-өзі жұмыспен қамтып отырға-

мақсатында «Игілік» бағдарламасымен 7,0 млн теңге жеңілдетілген неси алып, шаруашылығын ұлғайтуда. Ал «Әліп» шаруа қожалығының төрағасы Әліп Рахымжан 2018 жылы «Әліп» шаруа қожалығын құрып, 56 бас сиыр, 811 бас қой, 5 жылқы малын өсіріп отыр. Ол 2022 жылы органикалық тыңайтқыш өндіру мақсатында «Сырдария-Көкшетау» неси серіктестігі арқылы 7,0 млн теңге жеңілдетілген неси алып, 1 МТЗ-82 тракторы мен жетегін сатып алды. Сол уақыттан бері мал шаруашылығымен қоса «Калифорниялық шылаушы» өсіріп, органикалық тыңайтқыш «Биотумус» өндірумен айналысып келеді. Бастапқы уақытта 1 шаршы метр жерден бастаған. Қазіргі уақытта 100 шаршы метр аумақты қамтып отыр. Өндірген өнімін дикандар мен ағаш өсірумен айналысатын мекемелерге, негізгі бөлігін көкөніс өсіретін жеке тұрғындарға өткізуде. Қазіргі уақытта тыңайтқыштың 1 литрі 100 теңге, 1 қапшығы (50 литр) 5000 теңгеден өткізілуде.

Ауылдық округтегі №39, №128, №175 орта мектептерде барлығы 635 оқушы білім алады. Сонымен қатар мектеп жанындағы шағын орталықта 70 бала тәрбиеленуде.

Биылғы жылы ұстаздар қауымының табысты еңбегінің нәтижесінде мектеп бітірген 6 түлек «Алтын белгіге», 3 бітіруші «Үздік аттестатқа» ие болды.

Ауылдық округте 1 ауылдық клуб және 1 кітапхана жұмыс істейді. Ауылдық клубта 8 үйірме бар. Олардың қатарында «Әжелер ансамблі», «Бозторғай» ән үйірмесі, «Көркемөз» үйірмесі, «Жауқазын» би үйірмесі, «Шертпе» домбыра үйірмесі, «Колонер» үйірмесі, «Ордакз» ВИА, «Жақаста» ктк үйірмесі бар. Үйірмеде жастар түрлі өнерді үйреніп, рухани шараларда белсенділік танытып, түрлі долдарда жеңімпаз атанып, ел құрметіне бөленуде. Олар алдыңғы толқын аға ұрпақтың көшіп жалғастыруда.

Оның нақты дәлелі Қараөзектегі қасиетті мекеннен еңбегімен елдің құрметіне бөленген «Социалистік Еңбек Ері» Ахмет Халықов, танымал күйші Сламбек Ысқақов, Сыр бойына белгілі жырау Мұхамедияр Жабағұлы, танымал әнші Ғалымжан Молданазар, танымал әнші Тұрар Ыдырыстай белді азаматтар шыққан.



ны – 598. Ауылдық округтегі еңбек нарығының негізгі көзі бюджеттік сала, жеке кәсіпкерлік пен шаруа қожалықтарымен сипатталады. Ауыл тұрғындарының 5-і әлеуметтік жұмыс орынымен қамтылса, 11-і «Күміс жас» бағдарламасымен, біреуі жастар тәжірибесімен қамтылды. Жиырма бірі қоғамдық жұмысқа жіберілсе, жиырма бесі тұрақты жұмысқа орналасты. Мемлекет тарапынан 44 отбасына 8,320 млн теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Сонымен қатар жергілікті кәсіпкерлердің демешілігімен әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасына азық-түліктей және басқа да қолдау шарасы ұйымдастырылды, – дейді ауылдық округ әкімі Сәкен Әбдіжаппар.

Ауылдық округте есімі танылған ірі кәсіпкерлер бар. Соның бірі – «Бексұлтан» шаруа қожалығы. Төрағасы Алып Маймақов 2002 жылдан бастап «Бексұлтан» шаруа қожалығын құрып, 95 бас мүйізді ірі қара, 58 бас түйе, 78 бас жылқы малын өсіруде. Үстіміздегі жылы «Қызылорда өңірлік инвестиция орталығы» арқылы жылқы малын көбейту және бордақылау

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының жеңімпазы да ауылы мақтан тұтқан Сапаржановтар отбасы. Отағасы Айдарбек Сапаржанұлы 1952 жылы қазіргі Сырдария ауданында дүниеге келген. Әскери борышын өтеп келгеннен кейін Қызылорда қаласында автобуса мекемесінде жүргізуші болып жұмыс жасаған. 1973 жылы жұбайы Жаксыгүл кеуей отау құрып, Қараөзек совхозына көшіп келді. Кеуей 7 бала тәрбиеленіп, одан 19 немере сүйіп отырған ардақты ата мен әже. Ұл-қыздарының барлығына тәлім-тәрбие беріп, жоғарғы оқу орындарында оқытып, соларды ел қатарына қосуда еңбек етуден жалқыпаған өнегелі шаңырақ иелерінің отау құрғандарына бөгенді 50 жыл толып отыр.

Өнер мен білім егіз

Ауылдық округтегі №39, №128, №175 орта мектептерде барлығы 635 оқушы білім алады. Сонымен қатар мектеп жанындағы шағын орталықта 70 бала тәрбиеленуде.

Биылғы жылы ұстаздар қауымының табысты еңбегінің нәтижесінде мектеп бітірген 6 түлек «Алтын белгіге», 3 бітіруші «Үздік аттестатқа» ие болды.

Ауылдық округте 1 ауылдық клуб және 1 кітапхана жұмыс істейді. Ауылдық клубта 8 үйірме бар. Олардың қатарында «Әжелер ансамблі», «Бозторғай» ән үйірмесі, «Көркемөз» үйірмесі, «Жауқазын» би үйірмесі, «Шертпе» домбыра үйірмесі, «Колонер» үйірмесі, «Ордакз» ВИА, «Жақаста» ктк үйірмесі бар. Үйірмеде жастар түрлі өнерді үйреніп, рухани шараларда белсенділік танытып, түрлі долдарда жеңімпаз атанып, ел құрметіне бөленуде. Олар алдыңғы толқын аға ұрпақтың көшіп жалғастыруда.

Оның нақты дәлелі Қараөзектегі қасиетті мекеннен еңбегімен елдің құрметіне бөленген «Социалистік Еңбек Ері» Ахмет Халықов, танымал күйші Сламбек Ысқақов, Сыр бойына белгілі жырау Мұхамедияр Жабағұлы, танымал әнші Ғалымжан Молданазар, танымал әнші Тұрар Ыдырыстай белді азаматтар шыққан.



«Мерейлі отбасы»

байқауының жеңімпаздары

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының жеңімпазы да ауылы мақтан тұтқан Сапаржановтар отбасы. Отағасы Айдарбек Сапаржанұлы 1952 жылы қазіргі Сырдария ауданында дүниеге келген. Әскери борышын өтеп келгеннен кейін Қызылорда қаласында автобуса мекемесінде жүргізуші болып жұмыс жасаған. 1973 жылы жұбайы Жаксыгүл кеуей отау құрып, Қараөзек совхозына көшіп келді. Кеуей 7 бала тәрбиеленіп, одан 19 немере сүйіп отырған ардақты ата мен әже. Ұл-қыздарының барлығына тәлім-тәрбие беріп, жоғарғы оқу орындарында оқытып, соларды ел қатарына қосуда еңбек етуден жалқыпаған өнегелі шаңырақ иелерінің отау құрғандарына бөгенді 50 жыл толып отыр.

Ғайуар ҚОЖАХМЕТОВА

Суреттерді түсірген

Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор

Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Т.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ: 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызметкерлерінен емес, келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мәзіріне жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3099

Тапсырыс №1151

Нөмірдің кезекші редакторы Ғайуар ҚОЖАХМЕТОВА